

## Бурабай таулы орман алқабын қорғауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1997 жылғы 27 ақпан N 3369. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.08.23. N 159 өкімімен. ~ N000159

Көкшетау облысындағы Бурабай таулы орман алқабының бірегей табиғи кешенін сақтау, халықтың осы ауданында курорттық-санаториялық аймағында демалу жағдайын жақсарту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) "Бурабай" орман шаруашылығын қазіргі шекарасының шегінде "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешені етіп қайта құрсын;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасын бірлесіп, "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешенінің Жарғысын әзірлеп бекітсін, онда өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғауды күшейтуді, осы аймаққа неғұрлым етene табиғат участкерін табиғи қалпында сақтауды; арнайы рұқсатсыз осы кешен аумағында әуесқойлық және спорттық аңшылыққа тыйым салуды, ғылымның озық жетістіктері мен осы заманғы технологиялар негізінде рұқсат етілген орман шаруашылығы және орманды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді көздейтін болсын;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен бірлесіп, "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешенінің қызметін қаржыландыру мәселесін қарасын;

алаңдарды орман орналастыру бойынша нақтыланғаннан кейін "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешенінің ормандарын қорғау санаттары бойынша бөлуді бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, Қазақстан орман шаруашылығы және агромелиорация ғылыми-зерттеу институты "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешеніне қажетті орман шаруашылығы шараларын

ұйымдастыру мен жүргізуде ғылыми әдістемелік көмек көрсетсін, ормандардың жай-қүйіне бақылау жасалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы

Президентінің Іс басқармасына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және кұқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК